

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
медицина университеті

Студенттің өзіндік жұмысы

*Көпұлтты Қазақстан жағдайында тұлғаны
полимәдениетті бағытта тәрбиелеу.*

Маман тұлғасы

Орындаған: Ғабит С.

Тексерген: Қаржаубаева Г.

Тобы: 117Б

Жоспары:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім:

а) Қазақстандағы партиялылардың пайда болуы

б) Көппартиялардың пайда болуы және ерекшеліктері

III. Қорытынды

Бүгінгі таңда елімізде «Көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз сол үшін де тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр. Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап етеді

«Көптілді білім беру» терминінің анықтамасы алғаш рет 1977 жылы «Жоғарғы білім берудің халықаралық сөздігінде» «ұйымдастыруға және педагогикалық үдерістің мазмұнына енген, тілдік, этникалық, ұлттық немесе нәсілдік белгілері жағынан айырмашылықтарға ие екі немесе бірнеше мәдениет ұсынылатын тәрбие» деп берілген болатын.

XX ғасыр басындағы бүкіл Ресей империясын қамтыған саяси оқиғалардың Қазақстанға да үлкен ықпалы тиді. Осы тарихи оқиғаларға белсенді түрде араласқан Әлихан Бөкейханов 1905 жыл жөнінде «*бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық үшін қозғалыс тасқыны құрсауына енді*», — деп жазды.

Кеңестік тарих ғылымында 1905 - 1907 жылдардағы революциялық қозғалыстың Қазақстанға, қазақ қоғамына тигізген ықпалын талдауда тарихи деректерді белгілі бір даяр теориялық қалыптарға салып сұрыптау, сондай-ақ метрополиядағы оқиғалардың ел өміріне ықпалын асыра бағалау орын алды. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс Ресейдегі большевиктер партиясы бастаған пролетарлық қозғалыстың табиғи одақтасы, олай болса, ұлт-азаттық қозғалыстың өз мақсатына жетуі — Ресейдегі пролетариат диктатурасының орнауына тікелей тәуелді-тін. Ал қоғамдық дамуда мешеулік танытқан «түземдіктер» үшін орыс мәдениетінің прогресшіл рөлін тәптіштеп баяндап, қайталап отыру бұл тұжырымның логикалық иегі болуға тиіс еді.

**Бүгінгі таңда полимәдениетті тәрбие беру –
жалпы білім берудің маңызды
құрылымына
айналды**

**Баланы – жастан”,- дейді
халқымыз, көптілділік іргетасы
ана тілден бастау алуы тиіс.**

**Көп тілде білім беруді жүзеге асыруда қаржылай-
материалдық база, пәндер бойынша мультимедиялық
оқу бағдарламалары, оқу-әдістемелік әдебиеттерді
пайдалану маңызды рөл атқарады.**

**Көптілді тұлғаны қалыптастыру
көпұлтты еліміздің бірлігінің шарты
ғана емес, сонымен қатар өркениет
көшінде бәсекеге қабілетті мамандарды
даярлаудың алғышарты десек, көптілді
ортада ұстаздық етіп жүрген
педагогтердің біліктілігін арттыру,
түптеп келгенде Елбасы назарындағы
«Қазақстан – 2050» Мәңгілік ел
стратегиясының іс жүзіне асуындағы
іргелі факторларының бірі екені сөзсіз.**

Көптілділік — заман талабы. Заманында ата-бабаларымыз «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» – деген сөзді бекерге айтпаса керек. Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыруда көптілді білім берудің ел болашағы үшін маңызы жылдан-жылға арта бермек.

Жаппай көптілділік жағдайында коммуникативтік формалар (диалектілер, әр алуан жаргондар, жеке тілдер) өте күрделі қолдану иерархиясын құрайды.

Мысалы

- 1) тар локалды шағын топ арасындағы қатынас (үйішілік тіл);
- 2) топаралық тұрмыспен байланысты локалды қатынас құралы (мыс., Азия мен Африканың көп ұлтты елдеріндегі “базар” тілі);
- 3) билік жүргізетін әкімшілік (немесе ұлт) тілі;
- 4) көп ұлтты аймақтың ресми тілі;
- 5) мемлекеттік тіл (немесе халықаралық байланыс тілі).

2011-2013 жылдар аралығында тілдерді дамыту мен қолданудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық негізін арттыруға арналған шаралар кешенін өткізу жоспарланған.

2014-2016 жылдарда мемлекеттік тілді оқыту мен қолдану технологиялары мен әдістерін енгізу практикалық шаралар кешенін жүзеге асыру және тілдердің көптүрлілігін сақтау жұмыстары көзделіп отыр.


2017-2020 жылдар аралығында өзге тілдердің қолданысын сақтаумен қатар, қоғамдық өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілдің қажеттілік деңгейін, оның қолданылу сұранысының сапасы мен меңгерілуін жүйелі мониторинг арқылы нәтижесін шығару белгіленген.



ҒАЛЫМДАРДЫҢ ПІКІРІНШЕ:



**«КӨПТІЛДІЛІК – КӨПМӘДЕНИЕТТІ
ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ
НЕГІЗІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨЗАРА ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАСТАР КӨПТІЛДІК БІЛІМ
БЕРУДІҢ ДАМУЫНА ТҮРТКІ БОЛДЫ.
ЕЛ МЕН ЕЛДІҢ АРАСЫНДАҒЫ
МӘДЕНИ БІҚПАЛДАСТЫҚ
БОЛМАЙЫНША, ОЛ ЕЛ ДАМУДЫҢ
ЖОҒАРҒЫ САТЫСЫНА КӨТЕРІЛЕ
АЛМАЙТЫНДЫҒЫ ДА АНЫҚ»**



**Жеке тұлғаның қалыптасу ерекшеліктерін
педагогикалық-психологиялық еңбектерді
жүйелей келе оның төмендегідей бағыттарға
бөлеміз:**

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби: «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер–білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» – деген еді. Осы бір қасиетті мамандық иесінің ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше. Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі.

Э. Сепирдің пікірінше :«Белгілі бір мәдениеттен сол қауымдастық не істейтіндігі және нені ойлайтындығын анықтауға болады, ал тіл – адамның қалай ойлайтындығы», «Мәдениет пен тілдің арқатынасы» - деп жазады

В. Гумбольдтың пікірінше, тіл – халықтың айнасы, онда белгілі бір мәдени қауымдастыққа тән әлем бейнесі тікеледі және сақталады .

А.Н. Леонтьевтің пікірі бойынша

«Жеке тұлғаның жетістіктері мен кемшіліктері, жақсы және әлсіз жақтарымен көрінетін тек өзіне ғана тән даралық белгілері оның өзгелермен қарым-қатынас жасауы, қайырымдылығы, мейірімділігі, тәкәппарлығы, жағымды және жағымсыз қасиеттерінің көрінуіне де байланысты. Олардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауы, өмірдің алуан түрлі ерекшеліктерін тануға, танымдық қасиеттерімен, рухани байлығын арттыра түседі» - деп қарастырады.

Белгілі психолог Б.Г. Ананьев еңбектерінде:
«Адам–физиологиялық, психологиялық жағынан қалыптасып келе жатқан тіршілік иесі. Адам еңбек ету нәтижесінде жануарлар дүниесінен бөлініп шығып, бір-бірімен тілдің көмегімен қарым-қатынас жасайтын, дүниені танып білетін оны өзгертетін және еңбек құралдарын жасайтын жағдайға біртіндеп ие болды. Оның өмірдегі көрінісі физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктеріне, даралық қасиеттеріне байланысты жеке адам немесе жеке тұлға екені көрінеді»-деп қарастырады.

Көптілді тұлға – мультимәдени тұлға. Дәл осы мультимәдени тұлға ұғымының астарынан «дамыған лингвистикалық саналы индивид» дегенді түсінуге болады. Бүгінгі таңда мультимәдени тәрбие беру мәселелері білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Бұл Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуымен, тұрғындардың этномәдени ерекшеліктерімен және адамдарды өз халқының тарихынан, тілінен және мәдениетінен алыстауына әкелген жарты ғасыр бойына үстемдік еткен білім берудің бірыңғайланған жүйесімен байланысты. Сондықтан да көптілді білім беру мен мультимәдени тұлға қалыптастыр – уақыт, замана талабы, себебі бүкіл әлем көпэтносты және көптілді.

Қорытынды

- 1. Әл - Фараби. Әлеуметтік – этникалық трактаттар. – Алматы. 1975. – 419 б.*
- 2. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Наука, 1998. – 320 с.*
- 3. Успанов К.С. Теория и практика формирования профессионально значимых качеств у будущих учителей. – Алматы: Ғылым, 1998. – 228 с.*
- 4. Кунанбаева С.С. Методика обучения лексико – грамматическому оформлению высказывания в языковом вузе: дис...канд. пед. наук. – Алма – Ата, 1979. –185 с.*
- 5. Джусубалиева Д.М. Теоретические основы формирования информационной культуры студентов в условиях дистанционного обучения: дис...док. пед. наук. – Алматы, 1993. – 380с.*
- 6. Нургалиева Г.К. Ценностное ориентации личности: Методология, теория, практика формирования. – Алматы: АГУ им. Абая, 1994. – 44с.*